

## **Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексерудің тәртібі туралы Үлгі Ереже**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек Министрлігі 1995 жылғы 3 сәуірдегі N 4-2 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 60. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 312-ө (V043394) бұйрығымен.

## **Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексерудің тәртібі туралы Үлгі Ереже**

1. Осы Үлгі ереже тікелей өндірістегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге байланысты басшылардың, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен мамандардың, сондай-ақ мекемелерде, оқу орындарында, ғылыми-техникалық институттарда, шаруашылықтар мен кәсіпорындарда (бұдан әрі - кәсіпорындар) меншік және лауазымдық міндеттерімен және орындалатын жұмыстың сипатымен айқындалған біліктілік талабының ауқымындағы шаруашылық нысандарына тәуелсіз өндірістік бірлестіктерде, ассоциацияларда, корпорацияларда, концерндерде, холдингтерде, ведомстволарда, министрліктерде (бұдан әрі - басқару органдары) жұмыстың қауіпсіз жүргізілуіне бақылау мен техникалық қадағалауды жүзеге асыратын, сондай-ақ адамдардың (бұдан әрі - басшылар мен мамандар) еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексерудің міндетті тәртібін белгілейді.

2. Осы Үлгі ереженің негізінде басқару органдары білімі еңбекті қорғау бойынша тексерілуге жататын қызметкерлердің лауазымдарының тізбесімен өздерінің салалық Ережелерін әзірлеп, бекітеді, оларды Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Еңбекті қорғау департаментінің Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясымен (бұдан әрі - Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекция) келіседі.

Жоғарыда аталған басқару органдарына кірмейтін кәсіпорындар өздерінің Ережелерін жасап, оларды Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекцияның аймақтық органдарымен келіседі.

3. Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі білімін

тексеруді еңбекті қорғау жөніндегі білім тексеруінен өтуге міндетті басшылар мен мамандардың лауазымдарының Тізбесіне сәйкес (№ 1 қосымша) басқару органдарында, кәсіпорындарда және еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларында тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары жүргізеді. Комиссиялардың құрамын жоғарыда аталған ұйымдардың басшылары бекітеді.

4. Басқару органдары мен кәсіпорындардағы емтихан комиссияларын олардың  
б а с ш ы л а р ы б а с қ а р а д ы .

Білімі тексерілуге жататын қызметкерлері көп кәсіпорындарда бірнеше емтихан комиссиясы болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекшілер мен осы кәсіпорындардың басшыларының орынбасарлары төрағалар болып тағайындалады.

Комиссиялар емтихан алынатындардың бейіні мен мамандығына сәйкес мамандардан құрылады. Олардың құрамына кәсіпорынның еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлері, бас және жетекші мамандар (механиктер, энергетиктер, технологтар), кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, әскерилендірілген тау-кен-құтқару бөлімдері (ӨТҚБ) мен тау-кен-құтқару қызметтерінің (ТҚҚ) командирлері, оқу-курсы комбинаттарының басшылары және Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекциясының, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүруін қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі комитеттің (Мемкенқадағалау), Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның, Қазақстан Республикасы Мемэнерго қадағалаудың бас басқармасының, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Өрттен қорғау жөніндегі бас басқармасының (бұдан әрі - Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары) өкілдері енгізіледі. Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының комиссияға қатысу қажеттілігін сол органдардың өздері а й қ ы н д а й д ы .

5. Емтихан комиссиясын құруға саны аздық ететін кәсіпорындардың басшылары мен мамандарының білімін тексеру базалық кәсіпорындардың комиссияларында немесе Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекция органдарының немесе оның аймақтық басқармаларының арнаулы рұқсаты (лицензиясы) бар мамандандырылған орталықтарда жүргізіледі. (2 қосымша)

6. Емтихандарды ұйымдастыру мен өткізу басқару органдарының, кәсіпорындардың басшылары мен емтихан комиссияларының төрағаларына жүктеледі. Емтихан қабылдау бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Кесте емтихан басталардан бір ай бұрын комиссияларының барлық мүшелеріне ж і б е р і л у і т и і с .

Емтихандар қабылдаудың датасы мен орны туралы емтиханнан өтушіге 15 күн бұрын ескертілуі тиіс.

7. Құрамы үш адамнан кем комиссияның емтихан қабылдауына жол

б е р і л м е й д і .

8. Емтихан комиссияларының құрамына енгізілген кәсіпорындардың басшылары мен мамандары олардың жұмысына басқару органдарының комиссияларында немесе Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекциясының аймақтық органында емтихан тапсырған соң ғана қатыса алады.

9. Емтихан аралығындағы кезеңде басшылар мен мамандардың еңбек қорғау жөніндегі білімінің деңгейін арттыру үшін басқару органдары мен кәсіпорындарда олардың басшылары бекіткен жұмыс жоспарларына сәйкес курстар, семинарлар, лекциялар, консультациялар ұйымдастырылады.

10. Емтихан комиссиялары басшылар мен мамандардың мына тұрғыдағы білімін тексереді .

"Еңбекті қорғау туралы", "Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғау туралы", "Халықтың санитарлық эпидемиологиялық қолайлы жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары және басқаларды;

еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесін;

еңбекті қорғауды басқару жүйесін;

авариялардың алдын алу және болдырмау жүйесін;

электрмен жарақаттанудың алдын алу жөніндегі негізгі талаптарды;

өрт қауіпсіздігін. Өрттерді, жарылыстарды, аварияларды болдырмаудың әдістері мен құралдарын. Стихиялық зіл-залалар кезіндегі қызметкерлердің іс-қимылы, өндірістік санитария мен жеке гигиенаның негізгі талаптарын;

еңбекті қорғаудың жай-күйін мемлекеттік, ведомстволық қадағалау мен қоғамдық бақылау туралы ережелерді;

еңбекшілердің өндірістегі бақытсыз жағдайлары мен денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және оларға есеп жүргізу ережесін;

өндіріс процестерінің технологиялық режимі мен қауіпсіз жүргізуін қамтамасыз ететін лауазымдық нұсқаулықтарды, паспорттарды, схемалар мен технологиялық регламенттерді;

жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚК) тағайындау мен қолдануды, ЖҚК берудің тәртібі мен нормаларын, оларды пайдалану мерзімдерін;

еңбек шартын, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимін, әйелдер мен 18-ден жас адамдардың еңбегін қорғауды жеңілдіктер мен өтемақыларды; зардап шегушіге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістерін.

11. Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексеру еңбектің қауіпсіз жүргізілуін реттейтін нормативтік актілер бойынша жүргізіледі, оларды ұстану өздерінің қызметтік міндеттеріне кіреді.

12. Емтихан билеттері өндіріс ерекшеліктерін, басшылар мен мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын, жергілікті жағдайларды ескеріп әзірленіп, оларды тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының төрағалары

б е к і т і л е д і .

13. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексерудің мынадай түрлері белгіленеді: алғашқы, мерзімдік, кезектен тыс.

14. Қызметкер лауазымға тағайындалар кезде жоғарыда тұрған лауазымды адамнан мыналармен танысуы тиіс:

өзіне сеніп тапсырылған өндірістегі (учаскедегі, объектідегі, кәсіпорындағы, бірлестіктегі) еңбектің жай-күйі мен қорғалуымен;

қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерінен жұмысшылар мен қызметшілерге қолданылған қорғау құралдары туралы;

өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың талдауымен;

еңбектің жағдайы мен қорғалуын жақсарту жөніндегі қажетті шаралардың тізбесімен, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі басшылық материалдарымен және лауазымдық міндеттерімен;

15. Лауазымы бойынша жұмыс істеуге кіріскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей олар тиісті емтихан комиссиясынан еңбекті қорғау жөнінде алғашқы білім тексеруінен өтуге міндетті.

Мерзімді түрдегі білім тексеру үш жылда кемінде бір рет болады.

16. N 1 қосымшаның 1-тармағына сәйкес лауазымдардың тізбесіне енгізілген басшылар мен мамандар мынадай жағдайларда еңбекті қорғау бойынша кезектен тыс білім тексеруінен өтуге міндетті.

еңбекті қорғау бойынша жаңа немесе қайта қаралған нормативтік құжаттар қолданысқа енгізілген кезде;

жаңа жабдық немесе жаңа технологиялық процестер пайдаланылуға берілгенде;

қызметкерді еңбекті қорғау бойынша қосымша білімдерді талап ететін басқа жұмысқа ауыстырғанда немесе оны басқа лауазымға тағайындағанда;

өліммен немесе мүгедектікпен аяқталған топтық-бақытсыз жағдайларға жол берілгенде, сондай-ақ авария, жарылыс, өрт немесе улану пайда болғанда;

Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талабы бойынша; жұмыста бір жылдан астам үзіліс болғанда.

Кезектен тыс білім тексеру жекелеген құжаттардың шегінде өткізілуі мүмкін, олардың тізбесін аталмыш тексеруге нұсқау беретін орын белгілейді.

17. Білімді тексеру нәтижелері хаттамамен рәсімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелері қолдарын қояды (N 3 қосымша).

Білім тексеру хаттамалары еңбекті қорғау қызметінде немесе кадрлар бөлімінде кемінде 6 жыл сақталады.

Жоғары қауіпті өндірістік басқару органдары мен кәсіпорындарда еңбек ережелері бойынша емтихан тапсырған адамдарға куәлік беріледі, оларға емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшесі - Мемлекеттік қадағалау және

бақылау органының инспекторы қол қояды (N 4 қосымша).

Еңбекті қорғау жөнінде емтихан тапсырғаны туралы куәліктің болуы басшы мен маманды осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша білімін ішінара тексеруден босатпайды.

18. Еңбекті қорғау бойынша емтиханда қанағаттанғысыз білімін көрсеткен адам кәсіпорындағы басшы және маман лауазымында бір айдан кешіктірмей қайта емтихан тапсырған жағдайда қалдырмауы мүмкін.

Еңбекті қорғау бойынша екінші емтихан тапсыра алмаған адамға қатысты материалдар оның жұмыс істеп жүрген лауазымына сәйкестілігін шешу үшін кәсіпорынның аттестациялық комиссиясына беріледі.

Емтихан комиссиясының шешіміне байланысты дауларды Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекция қарайды.

19. Еңбекті қорғау жөнінде білім тексерулерін ұйымдастыру мен өткізуге бақылау жасау басқару органдарының басшылары мен еңбекті қорғау қызметтеріне жүктеледі. Өздері бақылау жасайтын объектілер мен жұмыстарда Еңбекті қорғау жөніндегі меминспекция мен мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары бақылау құқығына ие.

20. Еңбекті қорғау жөнінде білімін тексеруден жалтаратын басшылар мен мамандар жұмыстарынан босатылады, оларға осы Ереженің 18-бабында көзделген шаралар қолданылады.

N 1-қосымша

## **Еңбекті қорғау бойынша білім тексеруінен өтуге міндетті басшылар мен мамандардың ТІЗБЕСІ**

N	Емтихан комиссиясының атауы және оның құрамы	Еңбекті қорғау бойынша білім тексеруінен өтуге міндетті басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлердің тізбесі
---	--	--

1	2	3
---	---	---

1. Министрліктердің ведомство-лары мен басқа да басқару органдарының республикалық емтихан комиссиялары	а) басшының орынбасары және өндіріс мәселелерімен шұғылданатын бөлімшелердің жетекшілері, холдинг компа.
---	--

Төраға-басқару органының  
бірінші басшысы  
Мүшелері: 1.Басшының бірінші  
орынбасары  
қызметкерлері

ниялардың, корпорациялардың,  
ассоциациялар мен басқа да  
басқару органдарының еңбекті  
қорғау қызметінің

2. Еңбекті қорғау  
жөніндегі мемле.  
кеттік инспекция.

ның өкілі

3.Мемкенқадағалау. ә) басқару органдары бар ғылыми  
комның өкілі өндірістік және өндірістік

4.Ішкіісмині Мем бірлестіктердің, трестердің,  
лекеттік өрт қада оларға теңестірілген  
ғалаудың өкілі ұйымдардың басшылары

5. Р е с п у б л и к а л ы қ  
с а н э п и д с т а н ц и я н ы ң  
өкілі. Аталған комиссиялардан білім

6.Республикалық мем. тексеруінен өткен басшылардың  
энергоқадағалаудың тізбесін Еңбекті қорғау  
жөніндегі мемлекеттік инспек.

цияның келісуі бойынша бас.  
кару органдарының бірінші

басшылары бекітеді.

2. Аймақтық емтихан комиссиясы  
Төраға:еңбекті қорғау жөнін.  
дегі аймақтық басқарманың  
бастығы

Төрағаның орынбасарлары:  
аймақтық еңбекті қорғау  
жөніндегі бас мемлекеттік  
инспекторы, Мемкенқадаға.  
лаукомы округының өкілі  
комиссияларының мүшелері

Мүшелері:1.Мемэнергоқадаға.

лаудың өкілі

қадағалаудың өкілі

станцияның өкілі

а) Ғылыми-өндірістік,бірлестік.  
терінің басшыларының орын.  
басарлары мен еңбекті қорғау  
қызметінің жетекшілері

ә) Кәсіпорындардың басшылары,  
еңбекті қорғау қызметінің  
басшылары, сондай-ақ осы кә.  
сіпорындардың тұрақты түрде  
жұмыс істейтін емтихан

2. М е м л е к е т т і к ө р т

3. О б л ы с т ы қ с а н э п и д .

4. Кәсіподақ органының өкілі

5. Аймақтың кәсіпорын.

дарының өкілдері

3. Аудандық емтихан комиссиялары. Жергілікті жерлердегі кәсіп. Комиссияның құрамы Еңбекті орындар мен ұйымдардың бас қорғау жөніндегі аймақтық шылары (жұмыс берушілер), бас меминспекцияның шешімімен мамандары. Еңбекті қорғау бекітіледі. қызметтерінің жетекшілері
4. Кәсіпорындардың (өндірістік мен мамандары. Кәсіпорын бірлестіктердің) емтихан коми. басшыларының орынбасарлары, ссиялары. Осы Ереженің 4-тар. инженерлік техникалық қыз. мағына сәйкес. меткерлер мен мамандар және еңбек ұжымдарының (кәсіподақ) еңбекті қорғау жөніндегі уәкілдік берілген адамдары.

<\*> Бұл жерде облыстардың құрамына кіретін дербес аудандар айтылып отыр, комиссиялар салалық принцип бойынша құрылады.

№ 2 қосымша

## **Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі** **Еңбекті қорғау жөніндегі департамент**

(еңбекті қорғау жөніндегі аймақтық басқарманың атауы)

ЛИЦЕНЗИЯ № \_\_\_\_\_

(кәсіпорынның, мамандандырылған орталықтың толық атауы,  
берілді

заңдық мекен-жайы)

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің 199\_\_ж."\_\_"\_\_\_\_\_  
№\_\_қаулысымен бекітілген. ".....үлгі ережеге" сәйкес басшылар мен мамандарға өндірістің мына салалары мен кәсіпорындарында:-----

(экономика саласының, кәсіпорындардың атауы)

(еңбекті қорғау жөнінде оқу мен білімін тексеруге құқық берілді)

Оқитын және емтихан қабылдайтын жер-----

Лицензияның берілген датасы 199\_\_жылдың "\_\_\_"-----

Лицензияның қолданылу мерзімі 199\_\_жылдың "\_\_\_"\_\_\_\_\_дейін.

-----облысының аумағында қолданылады

Лицензияны беру негізі 199\_\_жылдың "\_\_\_"\_\_\_\_\_

№\_\_\_\_\_бұйрық

Еңбекті қорғау жөніндегі  
аймақтық басқарманың басшысы

(мөрі)

(Ф.А.Ә., қолы)

Лицензияның сырт жағы

1. Лицензиялау субъектісі  
Лицензиялау жүргізуге арналған өтініш пен қажетті  
құжаттарды дер уақытында беруге;  
қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оқытушылар мен емтихан  
комиссияларының мүшелеріне ақы төлеуге;  
оқу жүргізу және емтихан қабылдау үшін үй-жайды құрылыс  
нормалары мен ережелеріне сәйкес жабдықтауға;  
лицензиялық алымға еңбекті қорғау жөніндегі аймақтық басқарманың № \_\_\_\_\_  
коды

\_\_\_\_\_ (алушының банкісінің атауы)

ағымдағы есепшотына \_\_\_\_\_ теңге сомасын аударуға міндетті.

2. Лицензиялау субъектісі:  
мерзімінен бұрын лицензияланудан өтуге;  
оқыту және комиссияның жұмысына қатысу үшін басқа жақтағы  
кәсіпорындар мен оқу орындарының мамандары мен  
оқытушыларын шақыруға;  
оқу жүргізу мен емтихан қабылдау үшін осы жұмыс  
түрлерінің шығындарына сәйкес мөлшерде бір жолғы алым  
(қызмет көрсеткен кәсіпорындардан) алуға құқы бар. Қосымша  
шығындар сметамен айқындалады.

№ 3 қосымша

-----  
(бірлестік, кәсіпорын)  
-----



**Еңбекті қорғау бойынша білім тексеру жөніндегі  
емтихан комиссиясы мәжілісінің  
ХАТТАМАСЫ**

"-----"-----199---жыл

Комиссия мына құрамда:

Төраға, \_\_\_\_\_

лауазымы, Ф.А.Ә.

және комиссияның мүшелері \_\_\_\_\_

лауазымы, Ф.А.Ә.

19\_\_\_\_жылғы "\_\_\_\_"\_\_\_\_N\_\_\_\_бұйрықтың негізінде емтихан  
қабылдады \_\_\_\_\_

білімді тексеру түрі

с ө й т і п            т ұ ж ы р ы м            ж а с а д ы :

Фамилиясы, аты, әкесінің есімі	Лауазымы	Цех, объект	Білімінің тек учаске, серілгені тура	Ескерту лы белгі (тап сырды, тапсыра алмады)

Комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_

( Ф . А . Ә . )

Комиссияның мүшелері \_\_\_\_\_

( Ф . А . Ә . )

(Ф.А.Ә.)

№ 4 қосымша

" С о л    ж а ғ ы "

-----

| \_\_\_\_\_ |  
| (экономика саласының, кәсіпорынның атауы) |

N\_\_\_\_\_КУӘЛІК

\_\_\_\_\_ беріледі  
(фамилиясы, аты, әкесінің есімі)

-----  
| ол айналысып жүрген лауазымы бойынша  
| табиғатты қорғау мәселелері жөнінде  
| білімін тексеруге арналған емтихан  
| тапсырды  
| ----- мөр

-----  
"оң жағы"

-----  
Емтихан туралы мәліметтер

Лауазымы\_\_\_\_\_

Жұмыс орыны\_\_\_\_\_

Білімін тексеру түрі\_\_\_\_\_

(алғашқы, мерзімдік, кезектен тыс)

Негізі: 199\_\_\_\_\_жылдың "\_\_\_\_\_"\_\_\_\_\_

N\_\_\_\_\_хаттама

Комиссия төрағасы:\_\_\_\_\_

( қ о л ы )

Комиссия мүшелері:\_\_\_\_\_

( қ о л ы )

-----  
| Мөрдің орны |

Ескерту: қайта тапсырылған емтихандар туралы мәліметтер  
куәлікке кіретін "оң жағы" деген абзацта көрсетілген  
текстке жазылады.